



«Арқалық қаласының орталықтандырылған  
кітапхана жүйесі» КММ  
Әдістеме-библиография бөлімі

# ОҚЫТУ-АҒАРТУ САЛАСЫНДА ІЗІ ҚАЛҒАН



**ЖӨНІБЕК ҒАПБАСҰЛЫ**

ҚР Халық ағарту ісінің озық қызметкері,  
Арқалық қалалық Ардагерлер Кеңесінің төрағасы

**Ж А Д Н А М А**



«Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапхана  
жүйесі» ММ  
Әдістеме-библиография бөлімі

## Оқыту-ағарту саласында ізі қалған

Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі,  
«Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері»,  
«Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері»,  
Арқалық қалалық Ардагерлер Кеңесінің төрағасы/

*Жәнібек Ғапбасұлы 75 жаста*

(Жазнама)

Арқалық қаласы, 2023 жыл



ББК 74.00 (5 Қаз)

Б 12

Құраст., компьют. терген: А. Қ. Италмасов  
Жауапты ред.: Д. Е. Құсайын

Құрастырушы: А. Қ. Италмасов  
Шығарылымға жауапты: Д. Е. Құсайын  
Мұқабаны безендірілген: А. Қ. Италмасов  
Редактор: Д. Е. Құсайын

Өлкенің біртуар нар тұлғасы [Мәтін] : (Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері, Арқалық қалалық Ардагерлер Кеңесінің төрағасы Жәнібек Ғапбасұлының туғанына 75 жас толуына арналған) : жаднама / Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі, Өдістеме-библиография бөлімі, [құраст.: А. Қ. Италмасов ; шығарылымға жауапты Д. Е. Құсайын ; ред. Д. Е. Құсайын]. – Арқалық : [б.б], 2023. – 36 б. : сурет. – қазақ тілінде.

Өдістеме-библиография бөлімі Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі, «Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері», «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері», Арқалық қалалық Ардагерлер Кеңесінің төрағасы Жәнібек Ғапбасұлының туғанына 75 жас толуына арналған жаднама дайындалы. Жаднамада Жәнібек Ғапбасұлының өмірі жайында мағлұматтар берілген.

ӘОЖ 371  
КБЖ 74.00

© А. Қ. Италмасов

## ӨМІРБАЯНЫ



Жәнібек Ғалбасұлы 1948 жылы 12 ақпанда Қостанай облысы Амангелді ауданының Үрпек ауылында дүниеге келген. 1955-1956 оқу жылында Қарағанды облысының Ұлытау ауданының Дәби (Қорғасын) елді мекенінде (бүгінде Шенбер ауылы) кеніш мектебінің бірінші сыныбына барады. 1959 жылы экономикалық тиімсіздіктен кеніш жабылып, оның орнына кеншар орнайды. Міне, осы жылы отбасы Қызылқозыға (Арқалыққа) көшіп келеді. Ал 1961 жылы Сарыторғай кеншарына көшіп келіп, осындағы сегізжылдық мектептің 7

сыныбына барып, 1963 жылы орталау мектепті тәмамдайды.

1965 жылы №154 Амангелді аудандық орта кәсіптік – техникалық училищесін үздік бітіргеннен кейін түсіп, Петрапавлдың индустриалдық – педагогикалық техникумына оқуға түсіп, оны техник – механик, өндірістік оқыту шебері мамандығы бойынша 1969 жылы бітіріп шығады. Осы жылы Отан алдындағы азаматтық борышын өтеуге әскер қатарына алынып, 1971 жылы елге оралады.

Бозбала, жігіттік шағы әке – шешеден жырақ сыртта өтуіне байланысты, әкесі «әзірге жоғары оқу орнын қоя тұр, бірер жыл қолымда бол, сосынғысын көрерміз» дегенді айтады. Әкенің айтқанын екі еппейтін елгезек жас өзінің ұшқан ұясы Б. Майлин атындағы орта мектепке машинатану пәнінен сабақ беретін мұғалім болып орналасады. Осылайша қиындығы мен қызығы мол ұстаздық жолы басталды. Әке өтінішіне байланысты басталған еңбек жолы өмірлік мұратына ұласады.

1972 жылдың сәуір айында Амангелді аудандық әскери комиссариаты арнайы шақырып алып, «Әскер қатарында азаматтық борышынды жақсы атқарыпсың. Мінездемен өте жақсы, енді болашақ Отан қорғаушыларды мектеп қабырғасында тәрбиелеу керек, сондықтан екі айлық офицерлік курстан өтіп, әскери жетекші бол» деп қолқа салады. Жәнібек Ғалбасұлы келісімін беріп, Қырғыз ССР-нің Рыбачий қаласында арнайы әскери даярлықтан өтеді. Енді өзіне де, өзгеге де қатаң талап қоятын қатардағы мұғалім емес, жас ұрпақты әскери іске баулитын жастар жетекшісіне айналады. Әскери жетекшісінің сөзі мен ісі бір жерден шығатын, болашақ Отан қорғаушыны барлық жағынан шындайтын, әскер қатарына қысқа мерзімде кіргізіп, неге болса да дайын тұратын жауынгер болу керек деп, қолынан келгенше ер балаларды соған тәрбиеледі.

Сол жылдары мектепте жастар тәрбиешісі, жақсы істерге жұмылдырушы, көпшілікпен тез тіл табысатын, жастардан ұқыптылық пен тәртіпті талап

ететін шындау мектебінің алғашқы баспадағы комсомол жетекшісінің міндетін де қоса атқарған.

1972 жылы бұрыннан бір мектепте оқыған достық сезімдері жарастыққа ұласып, жылдар сынынан өткен Қарлығаш Жакыпбекқызы екеуі үлкендердің батасын алып, отбасын құрады.

Ұстаздық еңбектен, қоғамдық жұмыстардан қол үзбей жүріп, 1977 жылы Қарағанды Мемлекеттік университетінің тарих факультетіне сырттай оқуға түсіп, оны 1983 жылы ойдағыдай бітіріп шығады.

1981 жылы Н. К. Крупская атындағы орта мектепке директорлық қызметке тағайындалады. Ал, 1985 жылы осы кеншарда Сартал ауылдық кеңесінің төрағалығына сайланады.

1982 жылы жұбайы Қарлығаш Жакыпбекқызы екеуі көптен көкейде жүрген ойларын жүзеге асырып, мектеп оқушыларынан «Өрімтал» атты қазақтың көне ұлттық фольклорлық ансамблін құрады. Ансамбль өз жемісін беріп, аудан, облыс көлеміне танымал болаты, ал 1985 жылы республикалық теледидардан жарты сағаттық концерт береді.

Ж. Гапбасұлы 1982 жылы Амангелді аудандық мәдениет бөліміне басшы болып тағайындалады. Ол бұл қызметте де табандатқан сегіз жыл отырып, абыроймен еңбек етеді.

2000 жылы талантты педагог, іскер басшы Арқалық қаласына қоныс аударады. Қай кезде де ол іскерлігімен көріне білді. Өзіне сеніп тапсырған қызметті қашан да абыроймен тиянақты орындады. Сонымен қатар, елі үшін еңбек жасап, тер төгіп жүрген азаматтың бірі. Осындай жақсы іскер, ұйымдастырушылық қабілетін ескерген облыс басшылығы Жәнібек Гапбасұлын 2000 жылы Арқалық қаласындағы Торғай аграрлық – техникалық колледжіне директорлыққа тағайындады.

Ж. Гапбасұлы ұзақ жылғы ұстаздық, басшылық қызметі, халыққа білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін 1991 жылы «Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері» белгісімен марапатталып, 1992 жылы тұңғыш рет өткізілген Торғай облысының директорлар байқауының жеңімпазы, «Жыл директоры» атанды. 2001 жылы «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл» мерекелік медалмен марапатталды. Осы 2001 жылдан бері Қазақстан Халық Ассамблеясының мүшесі. Халықтар бірлігін нығайтуға жұмыс жасайтын үлкен ұйымға мүше болу екінің біріне сеніп тапсырыла бермейтіні анық.

2004 жылы білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» белгісімен марапатталды.

2010 жылы Қазақстан Республикасының президенті, Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасы Н.Ә. Назарбаевтың Жарлығымен Қазақстан халқының бірлігін, бейбітшілік пен келісімді нығайтуға қосқаны үшін «Құрмет» грамотасымен, 2010 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі Ж. Түбекбаевтың «Білім беру жүйесін дамытуға қосқан зор үлесі үшін» алғыс хатымен, «Нұр Отан» партиясы төрағасының бірінші

орынбасары Б. Байбектің Құрмет грамотасымен, ҚР Президентінің Жарлығы бойынша «Қазақстан халқы Ассамблеясына-20 жыл» мерекелік медалімен және ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2011 жылғы 10 қарашасындағы жарлығы бойынша «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне – 20 жыл» мерекелік медалімен марапатталған. 2015 жылдан бүгінгі күнге дейін Аркалық қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

Міне, бүгінгі 75 жасқа толып отырған әрісі Республикаға, берісі Торғай Қостанай өңіріне танымал азамат Жәнібек Гапбасұлы әулие, құралайды көзге атқан сұр мерген, ақын, зергер, ұста, күйші, термеші Танат Сейдахмет ақынның шөбересі. Ел аузында:

Сөйлесе сөздің шешені

Бастаса елдің көсемі.

Сейдахмет ақынды,

Әулие адам деседі – деген шумақ сақталған.

Әкесі Гапбас атамыз сөзге шешен, от ауызды, орақ тілді, ауыздыға сөз бермейтін, кісінің бет – жүзіне қарамай тайсалмай сөйлейтін кісі болған. Ал анасы Ақкенже әжемиз сымбатты, ақылына көркі сай, өр мінезді, адуынды болған екен.

Жәнібек Гапбасұлы жан жары Қарлығаш Жақыпбекқызы екеуі қалалық мәдениет сарайы жанынан құрылған «Қазына» ардагерлер ансамблінің мүшелері.

Қарлығаш Жақыпбекқызы екеуі үш ұл, екі қызды тәрбиелеп өсіріп, оларды қатарға қосты. Балаларының барлығы да жоғары білімді, өнерлі және олардың әрқайсысы да қоғамның дамуына өзінше үлес қосып жүр. Бүгінде мәуелі бәйтеректей тамырын теренге, бұтақтарын көкке жайған және тұтас бір әулеттің алтын дінгегіне айналған қос ардагер бірнеше немере сүйіп отырған бақытты ата – әже.

Халқына қадірі артқан асыл ағамыздың алдағы уақытта да кемел шақта жеткен жетістігінен халқымызға берері көп болып, алар асулары мол болып, көрер қызығы мол болғай!

## Ж. Гапбасұлының шығармасы:

- Гапбасұлы, Жәнібек. Ғұмырдария [Мәтін]: естеліктер, ой-пікірлер / Жәнібек Гапбасұлы. / Қостанай: Шапақ, 2009. – 220 б.

### Мерзімді басылымдардағы жарияланымдары:

#### 2017

1. Гапбасұлы, Жәнібек. Елге перзенттік парызы... [Мәтін]: [ұстаз Әбілқайым Сүлейменов жайлы естелік] / Жәнібек Гапбасұлы // Торғай. - 2017. – 18 тамыз. – Б. 4.
2. Гапбасұлы, Жәнібек. Мысық құшақтаған ару [Мәтін]: [әнгіме] / Жәнібек Гапбасұлы // Торғай. - 2017. – 26 мамыр. – Б. 4.
3. Гапбасұлы, Жәнібек. Қар құрсауында [Мәтін]: [ұстаз Жәнібек
4. Гапбасұлы қала әкімдігіне ризашылығын білдірді] / Жәнібек Гапбасұлы // Торғай. - 2017. – 3 наурыз. – Б. 7.

#### 2016

5. Гапбасұлы, Жәнібек. Сәтті туынды [Мәтін]: [замандасы Кенжеғали Қарбозовтың кітабы жайлы] / Жәнібек Гапбасұлы // Торғай. - 2016. – 15 сәуір. – Б. 3.
6. Гапбасұлы, Жәнібек. Ақ адал ақ періште [Мәтін]: [Гапбас әулеті жайлы естелік] / Жәнібек Гапбасұлы // Торғай. - 2014. – 27 маусым. – Б. 3.

#### 2015

7. Гапбасұлы, Жәнібек. Көрепін көз, еститін құлақ болса? [Мәтін]: [қаланың тазалығы, тыныс – тіршілігі туралы] / Жәнібек Гапбасұлы // Торғай – 2015. - 23 қазан - Б. 4.

#### 2014

8. Гапбасұлы, Жәнібек. Өмір өзені [Мәтін]: [ұстаз Балғатай Ысқақұлы жайлы естелік] / Жәнібек Гапбасұлы // Торғай. - 2014. – 8 тамыз. – Б. 3.
9. Гапбасұлы, Жәнібек. Ақ адал ақ періште [Мәтін]: [Гапбас әулеті жайлы естелік] / Жәнібек Гапбасұлы // Торғай. - 2014. – 27 маусым. – Б. 3.
10. Гапбасұлы, Жәнібек. Өмірін тәрбиеге арнаған [Мәтін]: [ұстаз Майра Сейітқызы жайлы] / Жәнібек Гапбасұлы // Торғай. 2014. – 14 наурыз. – Б. 4.
11. Гапбасұлы, Жәнібек. Әйел, келін, ана, ұстаз [Мәтін]: [ұстаз Қарлығаш Жақыпбекқызы туралы] / Жәнібек Гапбасұлы // Торғай. - 2014. – 14 ақпан. – Б. 4.
12. Гапбасұлы, Жәнібек. Туысы біргенің, туы жығылмас [Мәтін]: [«Қазақстан дауысы» байқауының жеңімпазы Шаһаризат Сейдахмет туралы] / Жәнібек Гапбасұлы // Торғай. - 2014. – 7 ақпан. – Б. 4.
13. Гапбасұлы, Жәнібек. Жақсы ағаға атқосшы болып, қолына су құйдым



[Мәтін]: [доғам қайраткері Шайсұлтан Шаяхметовтың туғанына 75 жылдығына орай] / Жәнібек Ғапбасұлы // Қостанай таны. - 2014. - 28 қаңтар. - Б. 10.

### 2013

14. Ғапбасұлы, Жәнібек. «Тілеуімбет дегенде Тілеуімбет» [Мәтін]: [белгілі журналист, ақын Сабыр Қарманов жайлы бірер сөз] / Жәнібек Ғапбасұлы // Торғай. - 2013. - 20 қыркүйек. - Б. 4.
15. Ғапбасұлы, Жәнібек. Жан жеңешем! [Мәтін]: [жеңгесі Қадияша Әміржанова туралы] / Жәнібек Ғапбасұлы // Торғай. - 2013. - 11 қазан. - Б. 4.
16. Ғапбасұлы, Жәнібек. Осылай достым [Мәтін]: [әңгіме] / Жәнібек Ғапбасұлы // Арқалық хабары. - 2013. - 1 қараша. - Б. 3.

### 2012

17. Ғапбасұлы, Жәнібек. Тұңғыш немесе ұшқын [Мәтін]: [кәсіптік білім ордасының өткеніне көз жүгірткенде] / Жәнібек Ғапбасұлы // Торғай. - 2012. - 16 қараша. - Б. 5.
18. Ғапбасұлы, Жәнібек. Жылудың беріп ұрпаққа [Мәтін]: [ұстаз Гүлжан Жұмашқызы туралы] / Жәнібек Ғапбасұлы // Торғай. - 2012. - 9 қараша. - Б. 5.
19. Ғапбасұлы, Жәнібек. Көршің кім? [Мәтін]: [әңгіме] / Жәнібек Ғапбасұлы // Арқалық хабары. - 2012. - 27 сәуір. - Б. 3.
20. Ғапбасұлы, Жәнібек. Қоштасудың қиыны - ай... [Мәтін]: [Гүлжамила Сүлейменкеліні рухына] / Жәнібек Ғапбасұлы // Торғай. - 2012. - 22 маусым. - Б. 5.
21. Ғапбасұлы, Жәнібек. Қала кімдікі [Мәтін]: [қаланың тазалығы жайлы] / Жәнібек Ғапбасұлы // Торғай. - 2012. - 6 сәуір. - Б. 4.
22. Ғапбасұлы, Жәнібек. Мыңдаған шәкірттердің есіндесін... [Мәтін]: [ҚР оқу ағарту ісінің үздігі Жоқаш Шаяхметұлының рухына] / Жәнібек Ғапбасұлы // Арқалық хабары. - 2012. - 10 ақпан. - Б. 4.

### 2011

23. Ғапбасұлы, Жәнібек. Ағынды дария [Мәтін]: [ардақты ағалардың ізіменен] / Жәнібек Ғапбасұлы // Арқалық хабары. - 2011. - 15 сәуір. - Б.
24. Ғапбасұлы, Жәнібек. Өркенді елдің өнегелі тәрбиесіне лайықпыз ба? [Мәтін]: [ұрпақ тәрбиесі жайлы] / Жәнібек Ғапбасұлы // Торғай. - 2011. - 4 ақпан. - Б. 5.

### 2010

25. Ғапбасұлы, Жәнібек. Той тізгіні асабада [Мәтін]: [той асабасы туралы] / Жәнібек Ғапбасұлы // Торғай. - 2010. - 10 желтоқсан. - Б. 6.
26. Ғапбасұлы, Жәнібек. Қыз алып қашқан күн [Мәтін]: [әңгіме] / Жәнібек Ғапбасұлы // Торғай. - 2010. - 9 шілде. - Б. 3.
27. Ғапбасұлы, Жәнібек. Шыбық ектім, тал шықты... [Мәтін]: [әңгіме] / Жәнібек Ғапбасұлы // Арқалық хабары. - 2010. - 4 маусым. - Б. 4.

28. Гапбасұлы Жәнібек. «Жоқтаушысы көп жанды жоқ деуге әсте сия ма? [Мәтін] : [естелік] Жәнібек Гапбасұлы // Аркалық хабары. - 2010. - 5 наурыз. - Б. 4.

#### 2009

29. Гапбасұлы Жәнібек. Ауыл – қазақтың бесігі [Мәтін] : [ауыл тыныс – тіршілігі туралы] / Жәнібек Гапбасұлы // Аркалық хабары. - 2009. - 23 қазан. - Б. 3.
30. Гапбасұлы Жәнібек. Тегіне тартқан текті азамат [Мәтін] : [шебер Шәптібай Байділдин туралы сыр] / Жәнібек Гапбасұлы // Аркалық хабары. - 2009. - 4 сәуір. - Б. 4.

#### 2008

31. Гапбасұлы Жәнібек. Халықтың есіндегі азамат [Мәтін] : [әнші Сайлау Ордабаевты еске алу] / Жәнібек Гапбасұлы // Торғай. - 2008. - 19 желтоқсан. - Б. 4.
32. Гапбасұлы Жәнібек. Ұлыма хат! [Мәтін] : [Ернар Жәнібекұлына арнау] / Жәнібек Гапбасұлы // Аркалық хабары. - 2008. - 24 қазан. - Б. 4.
33. Гапбасұлы Жәнібек. Мен үшін кім екенін білсе ғой [Мәтін] : [ағасы Өміржан Гапбасұлы жайлы естелік] / Жәнібек Гапбасұлы // Торғай. - 2008. - 17 қазан. - Б. 4.
34. Гапбасұлы Жәнібек. Мүсінші [Мәтін] : [мүсінші Әбілбек Ұзақов туралы] / Жәнібек Гапбасұлы // Қостанай таны. - 2008. - 8 қазан. - Б. 7.
35. Гапбасұлы Жәнібек. Миллиондаған құрбандардың бірі... [Мәтін] : [«халық жауы» атанған Сүлекей Сейдахметов туралы] / Жәнібек Гапбасұлы // Аркалық хабары. - 2008. - 22 тамыз. - Б. 4.
36. Гапбасұлы Жәнібек. Жанында жүр жақсы адам [Мәтін] : [сазгер Ж.Сүлейменұлы туралы] / Жәнібек Гапбасұлы // Аркалық хабары. - 2008. - 11 шілде. - Б. 4.
37. Гапбасұлы Жәнібек. Қонақ ғұмыр немесе өмірден ерте озған достарым туралы [Мәтін] : [достары Жұмағұл және Өмірсерік туралы] / Жәнібек Гапбасұлы // Торғай. - 2008. - 9 мамыр. - Б. 2.
38. Гапбасұлы Жәнібек. Ұстаздарым, ұлағат тұтар даналарым [Мәтін] : [ұстаздары Жоқаш Шаяхметұлы, Шәбден Қиясұлы жайлы естелік] / Жәнібек Гапбасұлы // Аркалық хабары. - 2008. - 1 ақпан. - Б. 4.
39. Гапбасұлы Жәнібек. Жақсыдан шарапат [Мәтін] : [ұстаздар Дүйсен Әуезов, Жақсыбай Байманов, Әбілқайым Сүлейменовтер туралы естелік] / Жәнібек Гапбасұлы // Торғай. - 2008. - 25 қаңтар. - Б. 4.

#### 2007

40. Гапбасұлы Жәнібек. Ғұмырдария немесе аналарым мен әкем туралы... [Мәтін] : [ата –анасы жайлы естелік] / Жәнібек Гапбасұлы // Торғай. - 2007. - 12 қазан. - Б. 4.

#### 1993

41. Гапбасұлы Жәнібек. Асылымызды жасытпайық [Мәтін] : [әңгіме] / Жәнібек Гапбасұлы // Торғай таны. - 1993. - 26 тамыз. - Б. 4.


## Ол туралы:

1. Байділдин, Шөптібай. Ел ағасы [Мәтін]. [ ұстаз Жәнібек Ғапбасұлы жайында] / Шөптібай Байділдин // Арқалық хабары. - 2018. - 16 наурыз. - Б. 4.
2. Нүрекина, Айгүл. Елге танымал ел ағасы [Мәтін] : [ ұстаз Жәнібек Ғапбасұлы туралы] / Айгүл Нүрекина // Арқалық хабары. - 2018. - 2 наурыз. - Б. 4.
3. Бекетұлы, Мұрат. Туған жердің тұлғасы [Мәтін] : [ ұстаз Ж.Ғапбасұлы жайында] / Мұрат Бекетұлы // Торғай. - 2018. - 16 ақпан. - Б. 3.
4. Әбілтай, Әбжан. Жәнібекке [Мәтін] : [ ұстаз Жәнібек Ғапбасұлына арнау - өлең] / Әбжан Әбілтай // Арқалық хабары. - 2018. - 16 ақпан. - Б. 3.
5. Кабенұлы, Қуанышбай. Жетпіс жасқа жеткен күн [Мәтін]. [ ұстаз Жәнібек Ғапбасұлына арнау - өлең] / Қуанышбай Кабенұлы // Арқалық хабары. - 2018. - 9 ақпан. - Б. 3.
6. Есмағанбетов, Қайрат. Өнегелі өмір [Мәтін] : [ ұстаз Ж.Ғапбасұлының «Ғұмырдария» кітабы туралы] / Қайрат Есмағанбетов // Арқалық хабары. - 2009. - 23 қазан. - Б. 3.
7. Байділдин, Шөптібай. Ұлытауда туған бір ұлан [Мәтін] : [ұстаз Жәнібек Ғапбасұлы туралы] / Шөптібай Байділдин // Қостанай таны. - 2008. - 5 наурыз. - Б. 5.
8. Байділдин, Шөптібай. Жақсының жақсылығын айту парыз [Мәтін] : [ұстаз Ж. Ғапбасұлы туралы] / Шөптібай Байділдин // Арқалық хабары. - 2008 8 ақпан. Б. 3.
9. Жүнісұлы, Жақсылық. Болмысы бәлек оқу орны [Мәтін]: [колледж директоры Ж.Ғапбасұлымен сұхбат] / Жақсылық Жүнісұлы // Қостанай таны. - 2006. - 8 ақпан. - Б. 4.
10. Нұрман, Алтай. Ұрпақ ұлағаты жолында [Мәтін] : [колледж директоры Ж.Ғапбасұлымен сұхбат] / Алтай Нұрман // Торғай таны. - 1997. - 12 ақпан. - Б. 4.
11. Қанафин, Қанеш. Жәнібектің жұлдызды сәті [Мәтін] : [директор-92 байқауының жеңімпазы Ж.Ғапбасұлы туралы] / Қанеш Қанафин, Е.Әбдіхалыққожа // Торғай таңы. - 1992. - 11 маусым. - Б. 4.
12. Жүнісұлы, Мұрат. Тұлға мерейі [Мәтін] : [75 жасқа толған Ж.Ғапбасұлы туралы] / Мұрат Жүнісұлы // Қостанай таны. - 2023. - 22 ақпан. - Б. 4.

## Ж. Ғапбасұлының тұңғыш кітабы

*Жәнібек Ғапбасұлы*

*Ғ – 49 Ғұмырдария. Естеліктер, ой-пікірлер Қостанай: «Шырақ», 2009 ж., 220 бет  
ISBN 978-601-7004-20-0*



Жәнібек Ғапбасұлы – оқу-ағарту саласында үздіксіз еңбек етіп келе жатқан білікті ұстаз, «Ел болашағы – жастар» тәрбиешісі. Саналы ғұмырын тәлім-тәрбие дәнін себуге сарып етіп жүрген ұстаздың айтары мол, үйретері көп.

Егеменді еліміздің бүгінгі тыныс-тіршілігіне бей-жай қарамай үн қосып ой-пікірін күнделікті баспасөз беттерінен де білдіріп отыратын құлағы түрік, көкірегі ояутазаматтың қолыңыздағы осы кітабы жоғарыда айтқан сөзіміздің айғағы.

**Еңбек етсең-еленерсің, атақ-даңққа кевелерсің!**



*«Қазақстан Республикасының  
Білім беру ісінің құрметті  
қызметкері» медаль*



*«Қазақ ССР  
халық ағарту  
ісінің озық қызметкері  
» белгісі*



*«ҚР Тәуелсіздігіне – 10 жыл»  
мерекелік медаль*



*«Қазақстан Республикасының  
Тәуелсіздігіне – 20 жыл»  
мерекелік медаль*



«Ұлт –азаттық  
көтеріліске – 100 жыл» медаль



«Қостанай облысына  
80 жыл» мерекелік медаль



«Ұлы жеңіске – 70 жыл» белгісі



«Қазақстан Халқы  
Ассамблеясына – 20 жыл»  
мерекелік медаль



*«Кейкі батыр» естелік төс белгісі*



*«Ахмет Байтұрсынұлы», «Ы. Алтынсарин»,  
«Шақшақ Жәнібек», «Шоқан Уәлиханов»,  
«Міржақып Дулатов» - медальдар жиынтығы*



*«Құрмет белгісі»  
төс белгісі*



*«Құрмет ордені»  
тәсбелгісі*



### Жетпіс жасқа жеткен күн

*(Жәнібек Ғапбасұлына)*

Қарасаңыз бүгіе есеп беріп, сіз,  
Денсаулықтың  
Аркасында беріксіз,  
Жұмысбасты болып  
Жүріп, Жәнібек,  
Жетпіс жасқа енді  
Міне келіңсіз.

Бәйек болып,  
Зайыбыңыз Қарлығаш,  
Алдыңызда жылы -  
Жұмсақ барлық ас.  
Ұрпақтарың,  
Өркендерің қуантып,  
Өсе берсін болып бәрі арлы жас.

Кездескенмен өмірдің көп өткелі,  
Жан емессіз тағдырға еш өкпелі.  
Ардагерлер кеңесін сіз басқарып,  
Сөйлеп жүрсіз ақындардай төкпелі.

Соның өзі белсендіріп өмірге,  
Танымал етті сізді өңірге.  
Жәнібек сіз, Қарлығашпен көп жасап,  
Көп қызықты көріңіздер өмірде.

Бұрынғыдан алға озып кетке күн,  
Ақсақалдың қатарында еткен күн.  
Туған күнің, Ғапбасұлы Жәнібек,  
Құтты болсын жетпіс жасқа жеткен күн

Кузньишбай Қабенұлы,  
«Қазына» ардагерлері атынан

## Жәнібекке

Келемін, Жәке, өзіннен өнетте алып,  
Жүйріксің қара сөзге менен анық,  
Жосыла жөнелесін сөз берілсе,  
Тамақты бір-екі реткенеп алып.  
Бауырымыз тете туып, тел өскендей,  
Ай туып, айдарымнан жел ескендей,  
Ақынмын, арқам бар деп айсам-дағы,  
Ағатай, болмас, сіре, сені ескермей!  
Арман, ой алға сүйрер арлы басты,  
Бар күшің, бар жігерің барға ұласты.  
Білмеймін, қаршығадан қауіпін бар ма,  
Қасыннан қалдырмайсың Қарлығашты!  
Шағынбай, шыбындымай, шыбықтымай,  
Талайдың түндік буын үздік талай!  
Бұрқанған ашуыңнан түк қалмады,  
Қарлығаш қылымсыса қыз Құртқадай!  
Өкпемнен жалғыз жүріп жел өткенмен,  
Кезім жоқ ағайыннан бөлектенген.  
Ініңді ұшты-күйлі ұмытасын  
Үйіңе қонақ келсе төлектерден.  
Міне, енді Бейсен, яки Тірбек деп,  
Мінеміз бестімізді бөлек ерттеп.  
...Жетпіске келді екем деп, жеткірінбей,  
Қалжындасып қою да керек ештеп!

Әбжан Әбілтай,  
Астана қласы  
12.02.2018

## Туған күнге арнау (Жәнібек Ғаббасұлына!)

Туған күнің құтты болсын.

Денсаулығын мықты болсын.  
Не тілеулі отбасына  
Құт – береке және қонсын.

Ердің жасы елуге толды бүгін,  
Кейін қалды – ау кешегі жігіт күнін.  
Ел ағанын бірісін, қатардағы,  
Арқаларсың қоғамның небір жүгін.

Жылдар, күндер, өтер – ау тоқталмастан,  
Қасиет жоқ өзінде асқан, тасқан.  
Адам деген атыңды жоғары ұстап,  
Ізін бар ұрпақ үшін анық басқан.

Думанменен өткізші әр минут, сағатыңды,  
Құлаштап кен жайдың ғой қанатыңды.  
Дауысын баритонмен ән салғанда,  
Бұл күнде тындаушыңмен дала тыңды.

Күйгелек мінезің бар жарасымды,  
Жіберетін тездетіп тағатыңды.  
Қалайша асықпайсың асыл қайным,  
Тез ұғар жарың болса жарасымды.

Өзілің бар достармен сыйласатын,  
Ауыр сәтте жаның бар қинасатын.  
Жаны жайсаң азамат бұл Жәнібек,  
Ігілікті тілекпен қиған сәтін.

Мақтанатын мінезің тағыда бар,  
Мақтануға тұрарлық жағы да бар.  
Қалайша мақтанбайды әз Жәнібек,  
Өнерлі жанұяның бағы да бар.

Ұл ұяға, қыз қияға қонсын деймін,  
Ордалы отбасына теңсің деймін.  
Жаратушы бір Алла жар болсынша,  
Бас аман, бауыр бүгін болсын деймін.

Қимасын тағдыр деген ғұмыр сын,  
Бір әулетті басқаратын ұлысын.  
Адал жарың аман болсын, қоса ағар,  
Соңына еріп немерелер шұбырсын.

Атым жоқ ел танытын ақын деген,  
Жыр жолдарын жазуға жақын келем.  
Ігі тілек тілеуші әріптес құдағиың,  
Қайыңбіке, дос та мен Гүлжан жеңген.

*Гүлжан Мұханбетжанқызы,  
12.02.1988  
Амангелді селосы*

## Жәнібекке

Шоқтығы биік тұлпардай,  
Қанатын берік сұңқардай.  
Келесің жігіт Жәнібек,  
Шабыстан берік бір тыңбай.  
Азаматсын арыңды,  
Қатарыңнан дарыңды.  
Қоғамдық іске дегенде,  
Саласың – ау барыңды.  
Бір сөздісін, белдісін,  
Қимайды әсте елді ішін.  
Қай жұмыста болса да,  
Ұнады көпке, елге ісін.  
Тиянақты, табанды,  
Алға тартар қадамды.  
Үйіріп алып кетесін,  
Қандай да болса адамды.  
Түскен жоқсын көкпен сен,  
Жинадың бедел көптен сен.  
Кедейден шығып қиналмай,  
Мақсатқа биік жеткен сен.  
Тыңдырған ісін ұлағат,  
Сыйлайды сені жұрағат.  
Атқарған ісін жинасақ,  
Толар да шағын мұрағат.  
Отбасында үлгісін,  
Сөйлеп кетсең тілдісін.

Қоғам менен әрқашан  
Жүрді ғой, шырақ, бірге ісін  
Тандауға түскен қалырсын,  
Қай іскеде әзірсін.  
Мәдениетті, оқуды,  
Қатар алу қазір сын.  
Тындасан сенің лебің,  
Туғандай шығып егіз үн.  
Негізін жақсы салғансын,  
Жіберме үннің негізін.  
Баспаған үнді адамсын,  
Көптен шығып ашылған.  
Тегін тапқан асылдан,  
Келіннің бірі Қарлығаш.  
Өнерде ізі жосылған,  
Болашақ жарын таңдалған.  
Өмір жолын аңдаған,  
Келін болып Қарлығаш.  
Шаңыраққа қосқан жанға – жан,  
Ұрпақты болды қос жұбай.  
Қошақан туған тоқтыдай,  
Тәрбие берді ұрпаққа.  
Тілегендей бір құдай,  
Қатар жүріп тең басар.  
Өнерді де жолдасып,  
Қалқытсыз алып келеді.  
Білімнің жолын қолдасып,  
Осыдан шығар қортынды.  
Оймен екшеп кіреді,  
Өнерлі адам өреді.  
Бағасын халық береді,  
Дарынды кісі қашанда.  
Жортқан атша желеді,  
Осындай жандар өмірден.  
Орынды алды не білген,  
Техникумды үлгі етіп.  
Орнатты тәртіп темірден,  
Ұлғайтып еңбек табысты.  
Ұлағаттың сен өнер жарысты,  
Ширатып мұратты тарға бер.  
Еңбегің болсын табысты,  
Үлгілі болсын от басың.  
Табысты алла қостасын,  
Ұрпақ өсіп, тіл байлап.

Сөзіне көп тоқтасын,  
От ауыз бен орақ тіл.  
Мейірлен орап күл,  
Өр сөзін оқ пен мір болып.  
Алсын да көпті орап тіл,  
Белгілі маман Жәнібек.  
Өнерді қайрап дәнін ек,  
Талабың өрге домалап.  
Өнермен көпті шалып өт,  
Ау, Жәнібек, Жәнібек.  
Сені көптен танып ек,  
Қай жұмыста болса да.  
Тыңнан бір жолды салып өт,  
Халықкой сені мақтап нар қылатын.  
Дауысын кезен емес емес қарлығытын,  
Шат күлкі шадыманда ән салатын.  
Қасыңда болсың жарың, Қарлығашың,  
Ұрпақ өссін қанатын боп, қалықтайтын.  
Қалықтап халық үшін жалықпайтын,  
Өнердің кең ұялы жандары бол.  
Қырандай қиялға ұшып шарықтайтын,  
Мандайыңнан тер кетпей,  
Көріңдік көпке ержетпей.  
Үнімен көпке танылдың,  
Левитан мен Ермектей.  
Достықпен берсін татулық,  
Келмесін жөнсіз татулық.  
Игілікті іс болсың,  
Сыйластыққа татырлық,  
Сыпыра мақтап жібердім,  
Адамы деп өнердің.  
Өнерлі болса азамат,  
Есебі ғой түгелдің.

Уәли Хайроллаұлы,  
5 қаңтар 2005 жыл

\*\*\*\*

Танатта Сынаулы Қайып өткен  
Басына тепсе кетпес дәулет біткен.  
Бірінғай қайың түсті жылқы ұстаған,  
Ерекше аңыздық істері бізге жеткен.

Кезінде Сейдахмет Бейсенұлы  
Атақты ақындардың ол да бірі.  
Тартсада тағдырының тауқыметін,  
Мойымас қайрат берген хақ тәңір!

Осы атадан Гапбастың Жәнібегі,  
Еңбегін бұл азаматтың ел біледі.  
Ұстаздық өмір жолы алға өрлеп,  
Аудандық оқу бөлімін ол биледі.

Жан жары өмірдегі жан жолдасы  
Аққудың көгілдіріндей Қарлығашты.  
Жұлдызы екеуінің де жарасқан жұп,  
Жаратқан өмірлерін де ерекше қып.

Ақындық мирас болып әр тараптан,  
Ерекше дарын беріп Хақ жаратқан!  
Әбжанға Гапбасұлы осынау күнде,  
Ақындық атасының ол өнержұтқан.

Егінбай Бозыұлы,  
Астана қаласы

## СУРЕТТЕР СЫР ШЕРТЕДІ




*Парламенттің мүшесі, жерлесіміз  
Валерий Георгиевич Вишинченкомен бірге  
(сол жақтан төртінші)*



*Қазақстан Халқы Ассамблеясының бірінші хатшысы  
Бағытұт Дәндібаевпен бірге.*






*Әжесі, асқар тауы Ғаббас Сүлейкейұлы  
(Сүлейменұлы)*



*Әжесінің жалғасы*



*Өмірлік жары Қарлығаш  
Жақыпбекқызымен*



*Жұмыс үстінде*



*Өлеңі – өмірінің өрнегі*



*Жұбайы Қарлығаш және  
Немерелерімен*



*ЖАПЫРАҒЫН  
ЖАЙҚАҒАН БӘЙТЕРЕК*



## ҚОҒАМДЫҚ ЖҰМЫСТА



## ЖЫЛЫ ЛЕБІЗДЕР

«...Ата бабаларымыз ұрпағына «би болам десен – үй бол», «адам болам десен – адал бол», «кісі болам десен – кіші бол» деген. Міне, осы үш қасиет те Жәнібектің бойынан табылады. Жәкенмен жас күннен сыйлас, сырласпыз. Алғаш Жәнібекті көргенде маған әскерен қызметтегі азамат шығар деген ой келген. Сөзі жинақы, жүрісі ширақ, айтар сөзін жалтақтамай, бүкпелемей бетіне айтатын ашық жарқын мінезі, ойшыл бейнесі осы азаматтың шыққан тегіндек бір тектілік бар-ау деген ой тастайтын...»

Шәптібай Байділдин,  
Өнер зерттеушісі, қолөнер шебері, оқушы

\*\*\*\*

«...Әр басшының өзіндік жұмыс ырғағы, мақсаты бар. Жәнібек қалыптасқан педагогикалық ұжымды жоғары деңгейлерден көрсетуді ұсына білді. Қандай бір істі бастарда батылдығымен әрбір ұстазды жігерлендіріп, істі аяқтауға жігер – күш беретін, қатан талап қойып, өзінен бастап өзгеге де орындататын. Атқарылар істі орамды ойлармен, шешімді сөздермен шебер жеткізетін...»

Жаңылсын Шайқыстанқызы,  
Қазақстан Республикасы ағарту ісінің озық қызметкері

## МАЗМҰНЫ

1. Өмірбаяны .....	5-7
2. Мерзімді басылымдардағы жарияланымдары .....	8-10
3. Ол туралы әдебиеттер .....	11
4. Ж. Ғаббасұлының тұңғыш кітабы .....	12
5. Еңбек етсең – еленерсің, атақ-данікке кенелерсің .....	13-16
6. Ж. Ғаббасұлына арналған арнаулар .....	17-23
7. Суреттер сыр шертеді .....	24-38
8. Қоғамдық жұмыста .....	29
9. Жылы лебіздер .....	30
10. Мазмұны .....	31

Кұрастырушы: А. Құрымғалиұлы  
Жауапты редактор: Д. Құсайын  
Мұқабаны безендірген: А. Құрымғалиұлы  
Редакторы: Д. Құсайын

Басуға қол қойған күні 10.01.2023 ж.  
Пішімі 210\*297 1/2. Офсеттік қағаз.  
Қарп түрі Times New Roman.  
Таралымы 10 дана.



*Ұсыныстарыңыз бен пікірлеріңізді мына  
мекенжайға хабарлауыңызға болады:*

*110300*

*Арқалық қаласы, Родина ауылы*

*Гагарин көшесі, 21*

*Тел. 2-10-18*

*E-mail: [cbs10@bk.ru](mailto:cbs10@bk.ru)*